

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің шеңберінде әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларға қосымша қаржы қаражатын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 24 қарашадағы N 1922 Қаулысы

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісім (бұдан әрі - ӨБТК) шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің:

1) ӨБТК шеңберінде 2009 жылы Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданы Ақсай қаласының әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларына қосымша 10 миллион АҚШ долларын бөлу туралы;

2) жоғарыда аталған шығындарды ӨБТК шарттарында көзделген өтелетін шығындарға жатқызу туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*